| | | |
|---|---|---|
| | **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ**<br>**Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ** | **П014-02.16-2019** |
| | | |
| | Нормативті құжаттың түрі<br>ЕРЕЖЕ | 1 -7 бет |

# Студенттік ғылыми қоғам туралы ережелер
# П014-02.16-2019

**Алматы, 2019**

## Алғы сөз

1. ҚР МСМ «Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ ғылыми - баспа бөлімі әзірлеген және енгізген.
2. ҚР МСМ «Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің «31» 05 2019 жылғы №10 хаттамасымен бекітілді және қолданысқа енгізілді.
3. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.
4. Тексеріс.

**Мазмұны**

1. Қолдану саласы ..........................................................................................
2. Қысқартулар мен белгілеулер..............................................................................
3. Жалпы ереже ..............................................................................................
4. СҒҚ мақсаты мен міндеттері ..............................................................................
5. СҒҚ басқару құрылымы ...... ..............................................................................
6. СҒҚ құқықтары мен міндеттері ..........................................................................
7. Өзгерістер енгізу тәртібі ....................................................................................

**БЕКІТІЛДІ**
**ҚР МСМ «Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «31» 05 2019 ж. Хаттама №10**

## Студенттік ғылыми қоғам туралы ереже

### 1. Қолдану саласы

1. Осы ереже ҚР МСМ «Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ (келесіде - академия) орындалатын студенттік ғылыми қоғамның (келесіде – СҒҚ ) қызметін регламенттейді.
2. СҒҚ өз жұмысын ҚР қолданыстағы заңнамасына, ҚР БҒМ, ҚР МСМ нормативтік актілеріне, оның органдарының ұсынымдарына және Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА жарғысына және осы Ережеге сәйкес жүргізеді.

### 2. Қысқартулар мен белгілеулер.

3.ҒЗЖ – ғылыми – зерттеу жұмысы;
4.СҒЗЖ – студенттің ғылыми- зерттеу жұмысы;
5.СҒҚ – студенттік ғылыми қоғам

### 3. Жалпы ереже

6. СҒҚ - бұл ЖОО-ның ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру және шығармашылық жұмысына белсенді қатысатын ЖОО студенттерін ерікті негізде біріктіретін қоғамдық ұйым.
7. СҒҚ өз қызметін академияның Жарғысына, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
8. СҒҚ қызметін тікелей басқаруды ғылыми баспа бөлімі жүзеге асырады.
9. СҒҚ заңды тұлғаның құқықтарын алуды мемлекеттік тіркеусіз жұмыс істейді.
10. Академияның СҒҚ мүшесі болу үшін ғылыми- зерттеу жұмысымен айналысатын кез-келген студенті академияның СҒҚ мүшесі бола алады.

### 4. СҒҚ мақсаты мен міндеттері

11. СҒҚ мақсаттары:
1) Жастардың шығармашылық, ғылыми, мәдени интеллектуалды дамуына ықпал ету;
2) Академияның интеллектуалдық және әлеуметтік-мәдени әлеуетін сақтау және дамыту;
3) Студенттерді ғылыми жұмысқа бағыттау, ғылыми және шығармашылық мәселелерді өз бетінше шешу құралдары мен ғылыми ұжымда бірлесіп жұмыс жасау дағдыларға үйрету.
12. СҒҚ міндеттері:
1) студенттердің бәсекеге қабілеттілігін, динамикалық, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығына дайын болуын қамтамасыз ету;
2) жас мамандардың кәсіби дайындығының сапасын арттыру;
3) студенттердің өз бетінше ғылыми ізденуіне көмектесу және олардың ғылыми жұмыстарды ұйымдастыруларын қамтамасыз ету;
4) студенттерді ЖОО ішіндегі, облыстық, өңірлік және халықаралық студенттік іс-шараларға қатысуға тарту;
5) академияның ғылыми зерттеулерінің басым бағыттары бойынша студенттердің жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;
6) студенттердің зерттеу нәтижелерін оқу процесінде пайдалану;
7) студенттерді инновациялық қызметке баулу, ғылыми-зерттеу жұмысын оны іске асыру деңгейіне шығару қабілетін дамыту;
8) студенттерді жоспарланған ғылыми конференциялар, байқаулар, көрмелер және т.б. туралы уақтылы хабардар ету және оларға мүмкіндігінше қатысуларын қамтамасыз ету;
9) бірлескен ғылыми қызмет және тәжірибе алмасу мақсатында басқа мәдениет және өнерге қатысты жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты орнату және дамыту;
10) СҒҚ қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілерде танымал ету.

## 5.СҒҚ басқару құрылымы

13. СҒҚ құрылымы, оған мүшелік тәртібі СҒЗЖ ұйымының дәстүрлері негізінде осы Ережемен айқындалады.
14. СҒҚ құрылымдық бірліктері:
1) академия кафедраларындағы студенттік ғылыми үйірме (ары қарай СҒҮ);
2) әр факультетте ғылыми жұмыстарды ұйымдастыратын және факультеттің барлық шеңберлерін біріктіретін СҒҚ бөлімі;
3) Академияның барлық СҒҚ қызметін үйлестіретін және бақылайтын СҒҚ кеңесі;
4) СҒҚ басқаруды кафедра меңгерушісі жүзеге асырады.
15. СҒҚ кеңесінің төрағасы жалпы жиналыста ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланады.

16. СҒҚ жұмысын бақылауды факультет деканының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.
17. СҒҚ-ның міндетті қызметі академиялық жылдың соңында жыл сайынғы есеп жасау болып табылады.

## 6. СҒҚ құқықтары мен міндеттері

18. СҒҚ мүшелерінің құқықтары:
1) ғылыми конференциялар, ғылыми жұмыстар байқаулары мен конкурстарын өткізуге, ғылым мен техника жетістіктерін насихаттауға жәрдемдесу;
2) студенттердің үздік жұмыстарының нәтижелерін жариялауға және өндіріске енгізуге жәрдемдесу;
3) СҒҚ төрағаларының ЖОО үшін стратегиялық маңызы бар шешімдерге, ғылыми - зерттеу жұмысының жалпы өмірдегі проблемаларына қатысты құжаттарды дайындау жөніндегі қызметке қатысуы;
4) факультетаралық және халықаралық байланыстарды қалыптастыру мен нығайтуға бағытталған іс-шаралар өткізу.

19. СҒҚ мүшелерінің міндеттері:
5) СҒҚ кеңесінің шешімдерін ақпаратты жарялаушыларға уақтылы жеткізу;
6) СҒҚ ақпаратты жарялаушылар академияда өткізілетін ғылыми-зерттеу жұмысының түрлі аспектілеріне қатысты ақпаратты уақтылы жарялау;
7) бекітілген қызмет саласында ғылыми ақпаратты жақсарту бойынша іс-шаралар әзірлеу;
8) академияда ұйымдастырылатын байқаулар, олимпиадалар, конференциялар мен симпозиумдарға белсене ат салысу;
9) конференция жинағына шығатын мақалалар мен сертификаттарды безендіруге, қорытынды жүргізуге қатысу;
10) өзінің ғылыми-зерттеу қызметінде осы Ережені басшылыққа алу.

## 7. Өзгерістер енгізу тәртібі

20. Ережеге өзгерістер қажеттілігіне қарай енгізіледі. Бұл ереже жаңасына ауыстырылғанға дейін жарамды.

**Ғылыми-баспа бөлімінің басшысы** **Кульшанова А.А.**

**Келісілді:**
**Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор** **Халыков Қ.З.**

**Ғылыми - зерттеу институтының басшысы** **Еркебай А.С.**

**Жоғары оқу орнынан кейінгі бөлім басшысы** **Жаксылыкова М.Б.**

**Заң бөлімінің басшысы** **Сейтбекова Г.Д.**